

## Сосновка, Ключевое және Вишневоє селоларында көшелерге атаулар беру туралы

Ақмола облысы Щучье ауданы Қатаркөл селолық округі әкімінің 2009 жылғы 27 мамырдағы № 08 шешімі. Ақмола облысы Щучье ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 маусымда № 1-19-161 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, 2009 жылдың 22 мамырдағы Сосновка селосының, 25 мамырдағы Ключевое селосының, 25 мамырдағы Вишневоє селосының тұрғындар жиналыстарының хаттамаларын есепке ала отырып, Қатаркөл селолық округінің әкімі

**Ш Е Ш Т І :**

1. Көшелерге атаулар беру:  
Сосновка селосында № 1 көшеге – Мектеп атауын, № 2 көшеге Достық - атауын, № 3 көшеге - Ж а й л а у атауын;  
Ключевое селосында № 1 көшеге - Бейбітшілік атауын, № 2 көшеге - Орман атауын;  
Вишневоє селосында № 1 көшеге - Жағалы атауын, № 2 көшеге - Абылай хан атауын, № 3 көшеге - Төле би атауын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Щучье ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а т а р к ө л  
с е л о л ы қ о к р у г і н і н

әкімі

*М.Құсайынов*